

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Алтынтөбе ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 7 қарашадағы № 31 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 қарашада № 30497 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Алтынтөбе ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 13 қаңтардағы № 2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Алтынтөбе ауылдық округі әкімінің 13.01.2023 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазығұрт аудандық аумақтық инспекция басшысының 2022 жылғы 26 қазандағы № 02-05/336 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Алтынтөбе ауылдық округі Қаржан елді мекеніндегі Ө.Тілеубаев № 1-17 көшелерінің аумағына мүйізді ұсақ малдар арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын..

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Алтынтөбе ауылдық округінің әкімі*

*Д. Алибаев*